

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№288

2015 жылғы 27 наурыз

«2020 жылға дейін Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 1 қарашадағы № 158 шешімінің орындалу барысы туралы

«2020 жылға дейін Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 1 қарашадағы № 158 шешімінің орындалу барысы туралы Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Р.Ә.Айдашеваның баяндамасын облыстық мәслихат тыңдап және талқылап, агломерация аумағына кіретін елді-мекендерді дамыту бойынша мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтеді.

Есепті кезең уақытына бірінші бағыт шеңберінде - «Аймақтық және институционалдық даму» бойынша агломерация құрамына кіретін 20 елді мекеннің бас жоспарларын әзірлеуге жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

Қазіргі уақытта 8 елді мекеннің бас жоспарларының жобалары жасалды. Қалған 12 елді мекеннің бас жоспарлары әзірлену барысында.

Екінші бағыт бойынша – « Ақтөбе агломерациясын республикалық және өңірлік нарықта экономикалық позициялау», 2014 жылы Индустрияландыру картасы шеңберінде 80,5 млрд.теңгеге 1,0 мыңнан астам жұмыс орындары ашылған 6 жоба жүзеге асырылды.

Үшінші бағыт шеңберінде – « Ақтөбе агломерациясының инфрақұрылымын кешенді дамыту», рельсбөрене зауытына өтпе жол құрылысы аяқталды.

Хромтау шағын қаласында ұзындығы 9,6 шақырым болатын 18 көше жаңартумен қамтылды. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 298,2 млн.теңге бөлінді.

2014 жылы Ақтөбе қаласы бойынша жалпы соммасы 1,9 млрд. теңгеге 20 көшенің жолдары күрделі жөндеуден өткізілді.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы нысандарының тоқтаусыз жұмыс жасауын қамтамасыз ету мақсатында агломерация аумағында ішкіауылдық және тасымалдаушы газтартушы желілер құрылыстары бойынша жобалар жүзеге асырылуда.

2014 жылы Алға ауданының Маржанбұлақ, Бесқоспа және Қайындысай, Қобда ауданының Талдысай, Әлия, Бестау және Қобда, Мәртөк ауданының Родников және Ақтөбе қаласының Өлке ауылдары газдандырылды.

2014 жылы жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту бойынша негізгі жұмыстар Ақтөбе, Алға, Қандыағаш қалаларында жүргізілді.

Ақтөбе қаласы бойынша 11-12 шағын аудандарын (6,2 км.) жылумен қамтамасыз етуге 2,6 млрд. теңге бөлінді және облыс орталығының 16,5 км магистралдық жылу желілері қайта жаңартылды. Алға және Қандыағаш қалаларында жылумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту үшін 791,7 млн. теңге бөлінді.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге ерекше назар аударылуда. Қазіргі уақытта агломерация аумағындағы 42 елді мекен ауыз сумен қамтамасыз етілген.

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша сәйкес агломерация аумағында Маржанбұлақ, Хлебодар, Жанаконыс, Қаратаусай ауылдарында және Қандыағаш, Ақтөбе қалаларында жалпы сомасы 2,7 млрд. теңгеге сумен жабдықтау желілерінің құрылыстары және қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Агломерацияның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Денсаулық сақтау саласы бойынша 76,0 млн. теңгеге Хлебодар, Үшқұдық және Қаратоғай ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар салынды.

Агломерация аумағында сапалы және қолжетімді білім алу үшін жағдай жасалып жатыр. 2014 жылы Ақтөбе қаласындағы 12 шағын ауданда 600 орындық, «Заречный-4» ауданында 1000 орындық, Ақжар-2 ауданында 320 орындық орта мектептер пайдалануға берілді. Ақтөбе қаласының Жанаконыс ауылында 600 орындық орта мектептің құрылыс жұмыстары басталды.

Одан басқа, Қандыағаш қаласында 320 орындық, Ақтөбе қаласының 12 шағын ауданында 320 орындық мектепке дейінгі балалар мекемелері пайдалануға берілді.

Спорт саласының инфрақұрылымын дамыту, спорттық мектептердің материалдық-техникалық базаларын нығайту бойынша шаралар қабылдануда. 2014 жылы Ақтөбе қаласында 50 метрлік жүзу бассейні қолданысқа берілді. Алға қаласында дене шынықтыру-сауықтыру орталығының құрылысы басталды.

Агломерация аумағындағы мәдениет нысандары бойынша Бестамақ ауылындағы Есет-Батыр мемориалдық кешенін абаттандыруға және қайта жаңартуға жергілікті бюджеттен 29,2 млн. теңге бөлініп, қаражат толығымен игерілді. Жалпы сомасы 47,3 млн. теңгеге Алға ауданың Қайнар ауылында, Хромтау ауданының Ақжар ауылында және Қобда ауданының Әлия ауылындағы Мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізілді.

Сонымен қатар, Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асыру барысында қиындық туғызып отырған бірқатар мәселелер бар.

Атап айтқанда, агломерация тұрғысынан негізгі статистикалық мәліметтердің болмауы, Бағдарламаның мақсатты индикаторларына жетуіне нақты есеп жүргізуге, уақытында агломерацияның әлеуметтік-

экономикалық ауытқуларын қадағалау және сәйкесінше шешімдер қабылдауда кедергілер туғызады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2020 жылға дейін Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 1 қарашадағы № 158 шешімінің орындалу барысы туралы Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Р.Ә. Айдашеваның баяндамасын назарға алынсын.

2. Облыстық басқарма басшыларына, Ақтөбе қаласының (Е.Б. Омаров) және Алға (А.Т.Шериязданов), Қарғалы (Р.М.Сыдықов), Қобда (А.Қ.Жүсібалиев), Мәртөк (Н.С.Қалауов) Хромтау (А.Қ.Османғалиев) аудандарының әкімдеріне ұсынылсын:

1) Ақтөбе агломерациясын дамыту жөніндегі іс-шаралар Жоспарын іске асыру бойынша бақылауды күшейту және жұмысты жақсарту;

2) 2015 жылғы бюджеттік қаражаттар шеңберінде қарастырылған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым нысандарын және әлеуметтік-мәдени нысандарды уақытылы қолданысқа беру бойынша шаралар қабылдау.

3. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ (А.О.Дәулетова) қаражаттың игерілуіне тұрақты қадағалау жүргізу ұсынылсын.

4. «Ақтөбе облысының сәулет және қала құрылысы ММ (Н.А.Боранбаев) Ақтөбе агломерациясы аумағына кіретін елді мекендердің бас жоспарлары мен егжей-тегжей жоспарларын және қала аймағын қала құрылысы жоспарлаудың кешенді үлгісін уақытылы дайындауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. «Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ (М.Н.Балмұқанов) Іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларды 2015-2019 жылға арналған индустриалдық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасына сәйкес өзекті ету ұсынылсын.

6. Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ (А.Қ.Есжанов) Ақтөбе агломерациясын келешекте көлік-логистикалық орталық ретінде құру және дамыту бойынша ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

7. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» (Ә.Ә.Қалиев) агломерацияны халықаралық деңгейге сәйкес медициналық қызмет көрсету орталығына айналдыру және дамыту туралы сапалы мәліметтер ұсыну ұсынылсын.

8. «Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ (Ә.А.Маханов) агломерацияның

инженерлік инфрақұрылымын дамытуға қатысты іс-шараларға бақылауды күшейту, соның ішінде жер асты су қорларын табуға іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ (Р.Ә.Айдашева) жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА